

Зандық актілерді одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылдың 14 қаңтар N 64

Зандық актілерді Қазақстан Республикасының Конституциясымен сәйкестікке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен басқа да орталық атқарушы органдары:

Қазақстан Республикасы Конституациясының қабылдануына байланысты КСРО-ның зандары мен өзге де нормативтік актілерінің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылмайтынын ескере отырып, 1997 жылдың 1 тамызына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен ведомстволық нормативтік актілерін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты аяқтасын. Осы жұмысты жүргізген кезде актілердің жаңасын қабылдау, қолданылып жүргендерін жаңарту мен ескіргендерінің күшін жоюдың бірінші кезектегі міндет екеніне сүйенетін болсын;

шығарылатын актілердің қолданылып жүрген зандарға сәйкес болуына қатаң бақылау орнатылсын, жаңа актілердің бұрын қабылданғандармен үйлесімділігі қамтамасыз етілсін, оларға зандардан туындастын өзгерістер уақытылы енгізілсін;

аталған бағыттар бойынша ұсыныстар әзірленіп, олар 1997 жылдың 15 наурызына дейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты осы қаулының орындалу барысына талдау жасап, 1997 жылдың 1 сәуіріне қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК